

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы
Дінтану мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске ұсынылған
«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындаған Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің
«Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының діни қозқарасы» тақырыбына жазылған
диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертация тақырыбы қазақ халқының өткен тарихындағы көрнекті тұлғаларының бірі, ойшыл-ақын Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының діни қозқарастарын заманауи кезеңдегі ғылыми тұрғыдан талқылаудан өткізуге арналған. Зерттеуші маман ойшылдың шығармашылығын дінтанулық зерделеу тұрғысынан талдау жасау арқылы халқымыздың өткендегі ерекше рухани әлемі мен жаңашыл мәдениетінің өзара байланысын айқындауға талаптанады, сөйтіп, күрделі мәселенің заманауи инновациялық талаптарға сай қырларын анықтау арқылы автор зерттеу нысанын барынша өзектендіре, маңыздандыра түседі.

Диссидент А.Д.Шагирбаев өзінің еңбегінде діни дәстүр мен қазіргі мәдениеттің өзіндік сабактастық қырларын байланыстыра отырыш өзінің тұжырымдарын кең мәтінде ашып көрсетуге тырысады. Ғылыми зерттеудің негізгі басты бағдары – диссертациялық еңбекте тұлғаның өмірбаянын зерделеу арқылы өзекті аксиологиялық проблемаларды қазіргі өмір үшін маңыздандыруында. Әрбір тарихи кезеңге тән өзінің өтпелі мәселелері болады және сонымен қатар бұрынғы заман мен қазіргі тарихты тұтастандырып тұрған инвариантты құндылықтары да болады. Автор мәселенің осы екі маңызды қырының өзара ұштасуы, байланысуы және сабактасуы мүмкін екендігіне баса назар аударғанын байқаймыз.

Қазақтың ұлттық мәдениеті өзінің тарихи және әлеуметтік келбетін тарихта жоғалтып ала жаздағаны да белгілі. Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының шығармашылығында көтерілген жан-жақты мәселелер қазіргі заман үшін де өте маңызды. Өйткені автор назар аударған дін мен мәдениет әлемін ғылыми-теориялық және діни-философиялық тұрғылардан талдаудың маңыздылығы және оның гуманитарлық ғылымның негізгі нысандарының біріне айналып отырғанының өзі еліміздің рухани және саяси саласындағы үлкен онды бетбұрысты, ғылым мен мәдениеттің өзара ынтымақтастығын білдіреді және соның кейбір көрінісі.

Қоғамдағы мәдени-рухани сабактастықтың мен құндылықтың бағдардар өте маңызды. Тәуелсіз Қазақстанның өркениеттік дамуы және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету шын мәнінде дінге, және тарихи тұлғалардың діни қозқарастарын ұтымды бағалаумен астасып жатады. Шынайы діншілдік мәдениетті байыта түседі, қоғамдағы азаматтарды имандылыққа барап, өркениетті елді қалыптастыруға қарай жетелейді. Сондықтан қазіргі кезеңде

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының отанымызда қалыптаса және өрбі бастауының өзі кездейсоқ емес.

Қазіргі Қазақстан жағдайында өрбір діннің өзіндік интегралды әлеуетін руханиятта қолдану қажеттілігі туындалған отыр. Елімізде мәдени-өркениеттік біртұтастықты қалыптастыру үшін дін тарихындағы озық ұлгілер мен өркениеттік мағынадағы әрекеттерді айғақтай түсугөндөрілгенде өзектік деңгейде қажет деп ойлаймыз. Осы ғылыми маңызды тұғырлар мен ұстанымдар тақырыпты өзекті деп тануға мүмкіндіктер береді.

Зерттеу жұмысының маңызды ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ізденуші қомақты бірнеше ғылыми жаңалықтың денгейі бар маңызды нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтиже. Дін тарихы мен философиясын зерттеудің дәстүрлі ғылыми тәсілдеріне сүйене отырып автор зерттеу тақырыбының теориялық мәселелеріне қатысты дінтандыру саласының діни дүниетаным, сенім, наным және т.с.с. біршама түбекейлі ұғымдарына ғылыми сипаттамалар береді.

Екінші ғылыми нәтиже. Исламның тұтастанған дүниетанымдық, оның ішінде имандылық пен адамгершілік аясындағы сипаттамалары М.Ж.Көпейұлы сияқты қазақ ойшылының философиялық ізденістерінен көрініс тапқандығы көрсетілген және оның астарлы ойлары жан-жақты діни-философиялық тұрғыда сараланған.

Үшінші ғылыми нәтиже. Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының тұлғалық дүниетанымында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы ұлттық және саяси-әлеуметтік үдерістердің рухани келбеті көрініс бергені пайымдалып, оның ислами көзқарастары гуманитарлық білімнің заманауи сұраныстарына сәйкес ғылыми сараптаудан өткізілген.

Төртінші ғылыми нәтиже. Қазақтың этнофольклорын, этномәдени құндылықтарын өмір бойы жинақтаған ойшылдың рухани мұрасында діни ұстанымдары мен философиялық пайымдауларының өзара астасқандығы көрсетіліп, ақын шығармашылығы этнолингвистикалық, дінтандығы және мағыналық ғылыми талдау арқылы тұжырымдалған.

Бесінші ғылыми нәтиже. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ жерінде орын алған Қазақ ағартушылығы құбылысының терең мазмұнына назар аударылып, оның Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының шығармашылығы мен дүниетанымдық жүйесімен идеялық тұрғыда байланысы бар екендігі салыстырмалы талдау арқылы дәлелденген.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Қазақ ойшылының діни дүниетанымының гуманистік тұғыры тұтастанған дүниеге үйлесімді көзқарасты жүйелеудің өзіндік тарихи үлгісі екендігі және осындай тұлғалық пайымдаулардың қазіргі діни радикалды ағымдарға жетіспейтіндігі көрсетілген.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешүге бағытталғандығы.

Диссертация тақырыбы мәдени-гуманитарлық ғылыми сала үшін өзекті мәселелердің қатарына жатады. Еңбектің авторы өткен қоғамдағы көрнекті

тарихи тұлғаның дүниетанымына сипаттама бере отырып еліміз үшін қазіргі таңдағы маңызды мәселелерге де тоқталып отырады.

Диссертация тақырыбын талдау барысында автор тарапынан әдіснамалық тұрғыда өмірбаяндық баяндау, контент-талдау, жүйелілік әдісі, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы талдау, герменевтикалық талдау және т.б. сол сияқты дәстүрлі ғылыми тәсілдер сапалы деңгейде қолданылады.

Автор зерттеу нысанына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтып, ұтымды ғылыми әдіснаманы пайдалана отырып ғылыми мәселенің діни-философиялық дәйектемесін жасауға тырысады.

Диссертациялық жұмыс орындау барысында нақты өмірбаяндық материалдар пайдаланылған және соның негізінде жасалған тұжырымдар мемлекеттің дін және мәдениет саясатына қатысты мәселелердің теориялық негіздерін кеңейтуге, қазіргі Қазақстанның рухани құндылықтарын байытуға өз үлесін қоса алады.

Ғылыми жұмыстың өн бойында қазақтың құндылықтың әлемі мен діни мәдениетінің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерделенуі оның әдіснамалық маңызы зор екені байқатады. Сондықтан ізденушінің диссертацияда қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы зор.

Ғылыми жұмыстың нақтылаған құнды материалдарын еліміздің жоғары оку орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, дінтану, мәдениеттану, әлеуметтану, мәдени антропология, әлеуметтік философия, филология салалары бойынша баклаврлар мен магистранттар үшін арнайы курсарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабактарын жүргізуде пайдалануға болады.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми әдебиеттерге талдау жасаған және зерттеудің проблемалық мәселелері бойынша құнды материалдар жинақтаған. Диссертацияда көрсетілген мәселелерге қатысты маңызды әдебиеттерге ғылыми-талдамалық шолу барысында біршама теориялық талқылау жасалған және өзіндік ғылыми-теориялық негізdemeler жасағаны байқалады.

Bірінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы жаңа. Ғылыми зерттеудің теориялық негіздерін ашатын ұғымдар мен пайымдаулар жайлы ғылыми талдаулар байыпталған. Діни дүниетаным, діни сенім сияқты ұғымдар туралы ғылымда тұрақты түсініктемелер бар екені белгілі.

Екінші ғылым нәтижесе жаңа. Көрнекті қазақ ойшылының ислами құндылықтар жүйесін зерделеу арқылы автор халық руханиятына қатысты діни аксиология пәнінің ұстанымдарының мәселені байыптау үшін өзіндік маңыздылығын дәйектеп берген.

Үшінші ғылыми нәтижесе жаңа. Қазақтың белгілі ақыны Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының тұлғалық діни дүниетанымына тән жаңашылдық пен жаңартушылық қырлардың сипаты дін философиясы тұрғысынан пайымдаулардан өткізілген.

Төртінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы жаңа. Ғылыми зерттеуде біртұтастанған дүниетанымдаған ғылым, дін және мәдениеттің өзара астасып жататын қасиеттері ойшылдың жеке дүниетанымын саралау арқылы ғылыми жіктемелеуден өткізілген.

Бесінші ғылыми нәтижесе жаңа. Диссертация авторы Абай мен Шәкәрім шығармашылығын Мәшіүр Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі тұжырымдармен салыстырмалы түрде қарастыра отырып олардың көптеген үйлесімді тұстарын таба білген. Дегенмен, тарихи үрдісте орын алған Қазақ радиализмге тән түбекейлі кемшиліктердің қатарына исламның гуманистік табиғатын бұрмалау жататындығы дәлелді дәйектелген.

Алтынышы ғылыми нәтижесе жаңа. Автордың тарихи тұлғаның діни дүниетанымын қарастыра отырып қазіргі заманға тән өзекті мәселелермен зерттеу тақырыбын ұштастыруы орынды әрекет болып табылады. Діни радиализмге тән түбекейлі кемшиліктердің қатарына исламның гуманистік табиғатын бұрмалау жататындығы дәлелді дәйектелген.

Қазақстан қоғамындағы соңғы жылдағы мәдени ахуалдың даму динамикасы мен негізгі үдерістері теориялық және нақты-қолданбалы зерттеулер арқылы қарастырылып, жаңа мәдени құрылымдарға компаративистика тұрғысынан пайымдалды.

Жалпы зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп қорытындылауға болады.

Диссиденттант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген.

Сонымен қатар, ізденуші негізінен қазіргі ғылыми әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Сондықтан зерттеу жұмысының дінтанулық тұрғыдағы ғылыми негізділігі және дәлелділігі орнықты әдіснамалық және теориялық позициялармен анықталған деп бағалауға болады.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденуші А.Д.Шагирбаевтың диссертациялық жұмысы дінтану саласы бойынша біртұтастанған ғылыми зерттеу болып табылады. Жұмыс кіріспеден, әрқайсысы үш бөлімшеден тұратын екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жоспары тақырыптың мәні мен маңызын толық ашады, олар сонымен қатар әрбір ғылыми тұжырымның баяндалуы мен олардың өзара байланысы жақсы негізделген. Жұмыстың ғылыми нәтижелері қомақты.

Жұмыстың құрылымынан және оның ішкі мазмұнынан ғылыми зерттеу жұмысының ішкі логикасы, тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің кисындылығы байқалады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары нақты дәйектелген және олар бір-бірімен тығыз астасып жатады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны ғылыми концептуалдық тұрғыда біртұасталғандығымен еркшеленеді. Бөлімдер мен тараушаларды арасында логикалық байланыс байқалады, жүйелілік, бірізділік орын алады. Алынған ғылыми нәтижелердің ішкі логикалық байланысы күмән туғызбайды. Сондықтан ғылыми жұмысты белгілі бір ғылыми жүйемен орындалған, біртұас кешенді ғылыми еңбек деп тануға негіз бар. Мәтіннің ғылыми тұрғыдағы оқылу деңгейі мен тілі оқырмандар үшін қолайлы, автордың айтқан және пайымдаған тұжырымдары құнды ойлары жүйелі және түсінікті түрде көрініс берген.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертацияның мағынада
Жалпы диссертациялық жұмыстың аталған жетістіктерімен қатар кейбір
кемшіліктері де байқалды:

1. Ойшылдың өмір сүрген заманында кеңестік қоғамдық санада бекі бастаған атеистік дүниетанымның терең метафизикалық тамырлары анықталып, оның тарихи үрдісте белгілі бір әлеуметтік кеңістікте орын алу себептері кеңінен көрсетілуі қажет еді.

2. Халықтың этномәдени байлығы мен исламның құндылықтары арасындағы өзара қатынастар жұмыста біршама айтылғанмен заманауи Батыстық қоғамдық пікірдегі ислам фобиясына қарсы қоятын дәйектемелер тереңрек қамтылғаны жөн еді.

3. Автордың тарихи санадағы түркі әдеміндегі көптеген ойшылдардың діни көзқарастарымен салыстырмалы талдауды көбірек қамтығаны диссертацияның өзінің қырын, ерекшеліктерін аша түсер еді.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген кейбір кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың ғылыми зерттелу дәрежесіне, оның мазмұндылығына, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына ешқандай нұксан келтірмейді деген ойдамыз.

Диссертациялық жұмыстың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D020600-Дінтанды» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшіур Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600-Дінтанды» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

философияғылымдарының докторы

Әл-Фараби атындағы Қа

Б.К. Бейсенов

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Фылыми мамандығының
дайындау жөне аттестациялау бөлімінің Солтығы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник отдела подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
П.И. Сыздыкова

